

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ТАРИХ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ИНСТИТУТЫ
САЯСАТТАНУ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК-ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ПӘНДЕР
КАФЕДРАСЫ



БЕКІТЕМІН



Тарих және құқық
институтының директоры
Б.С.Жұмағұлов
« 23 » 05 2018 ж.

«6М050100 - ӘЛЕУМЕТТАНУ» МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША
ҚАБЫЛДАУ ЕМТИХАНЫНЫҢ БАҒДАРЛАМАСЫ

Алматы, 2018

Қабылдау емтиханының бағдарламасы:

- Қазақстан Республикасының 2007 жылдың 27 шілдесіндегі «Білім туралы» заңы;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылдың 17 маусымындағы № 261 бұйрығымен бекітілген магистратура мен докторантураға қатысты «Қазақстан Республикасындағы жалпыға міндетті мемлекеттік білім стандарты»;
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылдың 19 қаңтарындағы № 109 қаулысымен бекітілген «Жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіби оқу бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымдарына қабылдаудың үлгі ережесі»;
- ҚР БЖҒМ 2013 ж. 10 сәуіріндегі «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру мамандықтары бойынша үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» № 158 бұйрығымен бекітілген «6М050100 - Әлеуметтану» мамандығының үлгілік оқу жоспары негізінде даярланды.

Құрастырғандар: ә.ғ.д., доцент

Нұрбекова Ж.А.

Саясаттану және әлеуметтік-философиялық пәндер кафедрасының мәжілісінде талқыланып, қабылданды: № 10 хаттама, «22» мамыр 2018 ж.

Кафедра меңгерушісі:
ф.ғ.д., профессор

Әбсаттаров Р.Б.

Қабылдау емтиханының бағдарламасы Тарих және құқық институтының Ғылыми кеңесінде бекітілді: № 10 хаттама, «25» мамыр 2018 ж.

Мамандыққа кіріспе

Бағдарлама әлеуметтану мамандығы бойынша магистратураға тапсырушыларға арналған және олардың әлеуметтану ғылымының негіздері бойынша бакалаврлық бағдарлама көлеміндегі әлеуметтану курсымен таныс екендігіне есептеліп құралған. Бағдарламада қазіргі әлеуметтанудың негізін қалайтын мәселелер қарастырылады: әлеуметтік қатынастар және негізгі әлеуметтік қабаттар мен топтар, шетел және қазақстандық әлеуметтану тұжырымдары, әлеуметтік институттар, әлеуметтік жүйелер және т.б.

ҚАБЫЛДАУ ЕМТИХАНЫНЫҢ СИПАТЫ (тақырыбы, өткізу түрі, бағалау критерийлері)

Емтихан тематикасы

Негізгі тақырып әлеуметтік білімнің жүйесіндегі әлеуметтанудың негізгі мәселелерін, әлеуметтік өмірдің элементтерін, арнайы әлеуметтану теорияларын, қолданбалы әлеуметтануды қамтиды. Бағдарлама келесідей ұғымдар мен мәндер қаралады: «әлеумет», «әлеуметтік қатынастар», «әлеуметтік бақылау», «әлеуметтік институт», «адам әлеуметтенуі», «әлеуметтік орта», «әлеуметтік процесстер», т.б.

Емтихан өткізілу формасы

Емтихан әлеуметтану ғылымы бойынша үш сұрақ қойылатын емтихан билеті бойынша ауызша формада өткізіледі.

Бағалау критерийлері

«өте жақсы» баға (10-8 балл) - бағдарлама материалын терең білуі, мәні мен қаралатын құбылыстар және процесстердің өзара байланысын түсінуі; бірлескен пәндердің негізгі ережелерін терең меңгерген; емтихан комиссия мүшелерінің, емтихан билеттің барлық сұрақтары және қосымша сұрақтарына дұрыс, орынды, толық және нақты жауаптар беруі.

«жақсы» баға (7-6 балл) – бағдарлама материалын толық білуі, мәні мен қаралатын процесстер және құбылыстардың өзара байланысының жеткілікті түсінуі; ескертулерге толық жауап беруі, қосымша сұрақтарға дұрыс, орынды, нақты жауаптар беруі.

«қанағаттанарлық»баға (5-4 балл) - бағдарламаның негізгі мәселелерінің терең білуі және түсінуі; емтихан алушылардың сұрақтарына нақты жауап беруі, қойылған сұрақтарға жауаптардың нақты емес және қателердің болуы.

«қанағаттанарлықсыз» баға (3-1 балл) - негізгі мәселелердің біріне дұрыс жауабы жоқ; жауаптарда өрескел қателері бар, баяндалатын мәселелердің мәнінің түсінбеуі; қосымша сұрақтарға сенімсіз әрі нақты емес жауаптар.

Бағдарлама мазмұны

Тақырып 1. Қоғамтану ғылымдары құрылымындағы әлеуметтанудың алатын орны

Қоғамтану ғылымдары және олардың зерттеу пәні. Әлеуметтану ғылымының зерттеу объектісі мен пәні. Әлеуметтану- қоғамдағы әлеуметтік қатынастар, әлеуметтік институттар, олардың функциялары, әлеуметтік құрылымдар, әлеуметтік қатнастар салалары, олардың даму заңдылықтары туралы ғылым. Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдармен әлеуметтанудың байланысы: әлеуметтану және философия, әлеуметтану және психология, әлеуметтану және саясаттану, әлеуметтану және педагогика, әлеуметтану және экономика, әлеуметтану және тарих. Әлеуметтану және математика әдістерінің өзара байланысы.

Әлеуметтанулық білімнің құрылымы. Теориялық, методологиялық және эмпирикалық әлеуметтану. Әлеуметтанудың басты категориялары.

«Әлеуметтік факт» түсінігі. Әлеуметтік зерттеудің шынайылығы. Әлеуметтік процестер мен оны қозғаушы күштер.

Тақырып 2. Әлеуметтану ғылымының тарихы

Әлеуметтану ғылымы қалыптасуы және дүниежүзілік әлеуметтанудың институционалдануы. Әлеуметтанудың негізін салушылар. О. Конт, Г.Спенсер. Француз және неміс әлеуметтануының дамуы. Э. Дюркгейм. М. Вебер. К. Маркс.

XX ғасыр әлеуметтануы. П.Сорокиноның әлеуметтанулық теориясы. Әлеуметтанудағы құрылымдық функционализм.

Нақты тарихи мәселелер және әлеуметтік талдаулар. Ж.Тощенконың нақты өмір және нақты сана теориясы.

Қоғам дамуына қазақ ойшылдарының көзқарастары: Ш.Уәлиханов, А.Құнанбаев, А.Байтұрсынов, А.Бөкейханов, т.б. Қазақстандық әлеуметтанудың дамуы. және әлеуметтанушылар еңбектеріндегі қазіргі әлеуметтік процестердің әлеуметтік талдануы.

Тақырып 3. Қоғам әлеуметтік жүйе ретінде

Қоғамның зерттелуіндегі жүйелілік, институционалдық, әлеуметтік-тарихи әдіснамалық тұрғысылар (подходы). «Әлеуметтік байланыс», «әлеуметтік өзарақатынас», «әлеуметтік қатынастар» және әлеуметтік сана». Қоғамды әлеуметтанулық зерттеудің қажеттілігі. Қоғамның категориялық талдау жүйесіндегі «әлеуметтік қоғам», «әлеуметтік ұйым», «әлеуметтік институт», «әлеуметтік мәдениет». Қоғам – әлеуметтік институттардың біртұтас жүйесі ретінде.

Тақырып 4. Әлеуметтік институттар мен әлеуметтік процестер

Әлеуметтік институттар қоғамдық өмірдің ұйымдық негіздері ретінде. Әлеуметтік институттың функциялары. Әлеуметтік институт адамдардың бірлескен қызметінің орнықты формасы ретінде. Әлеуметтік институттардың типтері. Мәдени, экономикалық, саяси және әлеуметтендіру институттары. Қазақстан қоғамының дамуындағы әлеуметтік институттардың ықпалы. Азаматтық қоғамның институттары.

«Әлеуметтік процесс» ұғымы. Әлеуметтік процестерді ұғынудың негіздері. Әлеуметтік процестердің әр түрлілігі. Әлеуметтік процестердің өлшемі. Қоғамның тіршілігіндегі әлеуметтік процестер: саяси, экономикалық, мәдени, этникалық тағы басқа процестер.

Тақырып 5. Әлеуметтік құрылым мен әлеуметтік стратификация

«Қоғамның әлеуметтік құрылымы» ұғымы. Қоғамның әлеуметтік құрылымының зерттеуінің әдіснамалық мәселелері. Әлеуметтік құрылымның теориясы және П.Сорокиннің әлеуметтік мобилділік теориясы. М.Вебердің әлеуметтік құрылымы

теориясы. «Әлеуметтік құрылым» және «әлеуметтік стратификация»: олардың ұқсастығы және айырмашылық

Қоғамның «әлеуметтік стратификациясы» ұғымы. Қазіргі батыс әлеуметтанушылары тұжырымдамаларындағы әлеуметтік стратификацияның негізгі белгілері. Қазіргі дамыған елдердің стратификация құрылымы. Қазіргі қазақстандық қоғамның стратификациялық құрылымы. Орта тап теориясы.

Әлеуметтік-демографиялық құрылым. Әлеуметтік құрылымның элементі тұрғысындағы этникалық құрылым. Жоғарғы тап: әлеуметтік-экономикалық және саяси бейнесі. Қазақстандағы орташа таптың қалыптасуы. Кәсіпкерлік. Кедей таптың әлеуметтік құрылымы. Қоғамның әлеуметтік құрылымындағы қылмыстық топтар.

Тақырып 6. Тұлғаның әлеуметтік мінездемесі

«Индивид», «Адам» «Тұлға». Адам - қоғамдық қатынастардың объектісі және субъектісі. Адамды әлеуметтік тұрғыдан зерттеу теориялары.

Адам және қызмет. Құндылық бағыттар және адамның белсенділігінің мәселесі. Адам дамуының әлеуметтік мәселелері. Бостандық және адамның теңдігі мәселелері. Адамның қажеттіктері және мәселелері. Әлеуметтік мүдделер және адамның мінез-құлығы. «Адамның әлеуметтенуі» ұғымы. Әлеуметтену - әлеуметтік жүйеге индивидтың енуге даярлануы процесі. Әлеуметтену және оның басты институттары. Адамның алғашқы және екінші әлеуметтенуі.

Тақырып 7. Девиация және әлеуметтік бақылау

Микро и макроортадағы адамдардың девианттық мінез-қылықтары. Адамның ауытқыған мінез-құлығының түрлері мен себептері. Девиацияның биологиялық, психологиялық, әлеуметтік түсініктері.

Әлеуметтік бақылау және әлеуметтік бақылау институттары. Қазіргі қазақстандық қоғамдағы девиантты мінез-құлықтың көріністері. Әлеуметтік бақылау институттары қызметі. Ар-ұят және өзіндік әлеуметтік бақылау.

Тақырып 8. Білім әлеуметтануы

Ұлттық білім жүйелері. Үзіліссіз білім институттары.

Мектепке дейінгі білім. Орта мектеп. Кәсіби және жоғарғы білім. Жаппай және элиталық білім. Мемлекеттік және жеке меншік оқу орындары. Білім және карьера. Білім және әлеуметтік мобильділік. Білім мен тәрбиенің өзара байланыстылығы.

Тақырып 9. Саясат әлеуметтануы

Қоғамның саяси жүйесі. Саясат әлеуметтануы. Саяси өмірді әлеуметтанулық талдау. Топтар және саяси процестер. Қысымшыл топтар. Саяси партиялар әлеуметтік зерттеудің объектілері ретінде. Қоғамның экономикалық дамуы, оның саяси құрылымы және тұрақтылығы арасында өзара байланысы. «Саяси мәдениет» ұғымы№.

Тақырып 10. Экономика әлеуметтануы

Дүниежүзілік ғылымда экономикалық әлеуметтанудың пайда болуы және оның қалыптасуы. Экономикалық әлеуметтанудың зерттеу объектісі мен пәні. «Экономикалық мәдениет» ұғымы. Экономикалық институттар функциялары. Қазақстанның инновациялық индустрияландырылуын әлеуметтанулық талдау. Искерлік әлеуметтануы.

Экономика әлеуметтануының негізгі бағыттары. Нарықтық экономиканың әлеуметтік бағдары.

Тақырып 11. Отбасы әлеуметтануы

Отбасының формаларының эволюциясы. Отбасы әлеуметтік институт. Отбасының әлеуметтік функциялары. Отбасындағы әлеуметтік қатынастар. Кеңейтілген отбасы.

Нуклеарлық отбасының қалыптасуы. Ажырасулар және тіркелмеген некелер санының өсуі. Туу көрсеткіштрі мен табиғи өсім мәселелері. Жезөкшеліктің өсуі. Отбасы саясаты және оның әлеуметтік мәні.

Тақырып 12. Мәдениет әлеуметтануы

Қоғам мәдениетінің негізгі элементтері. Мәдениет әлеуметтануының зерттеу объектісі мен пәні. Мәдениеттің және қоғамдық идеология.

Материалдық және рухани мәдениеттердің арасындағы қайшылықтардың әлеуметтік зерттелуі. Мәдениеттің түрлері: элиталық, халықтық және бұқаралық. Субмәдениет және қарсы мәдениет ұғымы. Қазақ мәдениетінің ерекшеліктерінің әлеуметтанулық талдауы. .

Тақырып 13. Бұқаралық коммуникациялар әлеуметтануы

Бұқаралық коммуникациялар әлеуметтануы – қазіргі әлеуметтанудың негізгі бағыттарының бірі.

Коммуникация, қарым-қатынас, БАҚ, бұқаралық мәдениет. БАҚ функциялары. БАҚ адамның әлеуметтенуінің маңызды институты.

Бұқаралық коммуникацияның заңдылықтары және тетіктері. Кино, интернет, театр, радио, теледидар және олардың өзара байланысы. Бұқараға арналған коммуникация құралдары. БАҚ және мәдениет. Ақпараттық коммуникация жүйесінің әлеуметтік мәдени рөлі. Ақпараттық қоғам және оның басты алғышарттары. БАҚ-ты зерттеудегі контент-талдау. Қала мен ауыл арасындағы ақпараттық теңсіздік мәселесі.

Тақырып 14. Басқару әлеуметтануы

Басқарудағы болжау және жоспарлау. «Әлеуметтік менеджмент». Басқару деңгейлерінің әлеуметтанулық талдауы. Қызметкерлерді басқарудың мазмұны және мәні. Басқарма мүшелерінің әлеуметтік портреті. Қазіргі басқарудың көкейкесті мәселелері. Әлеуметтік аудит – басқарудың ғылыми-практикалық негіздерінің бірі. Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсу, реформалар, даму қазақстан республикасының президенті – елбасы Н.Ә. Назарбаевтың қазақстан халқына жолдауы.

Тақырып 15. Нақты әлеуметтанулық зерттеулерді өткізу әдісі мен техникасы

Қолданбалы, эмпирикалық әлеуметтік зерттеулер. Әлеуметтік мәлімет(факты) және оның түрлері. Зерттеу бағдарламасының құрылымы.

Әдіснама бағдарламаның бір бөлігі. Зерттеу пәнін, объектісін анықтау. Зерттеу мақсаты мен міндеттері. Шығармашылық есеп.

Әлеуметтік фактілерді жинау және өңдеу әдістері.

Сандық және сапалық әдістердің артықшылықтары мен кемшіліктері. Мәліметтерді жинаудың негізгі әдістері: ресми статистикамен жұмыс, сауалнама, терең интервью, фокустік - топ, бақылау, тәжірибе, құжаттарды талдау және т.б.

Жиналған мәліметтерді өңдеуге және топтауға техникалық құралдарды қолдану. Жиналған мәліметтердің ғылыми талдануы, тұжырымдар мен ұсыныстар жасау. Іріктеу жасау. Презентативтілік мәселесі. Зерттеу жұмысының этикалық мәселелері. Жүргізілген зерттеулердің ананимділігі. Әлеуметтік-экономикалық процестердің әлеуметтік зерттеу ерекшеліктері.

Ұсынылған әдебиеттер:

Негізгі әдебиеттер:

1. Әбсаттаров Р.Б., Дакенов М. Әлеуметтану: өзекті мәселелер (Екі томдық оқу құралы) .- Алматы, 2015.
2. Тощенко Ж.Т. Социология. М., 2011.
3. Әлеуметтану. Оқулық. Алматы, Қазақ университеті. 2 т. 2005.

4. Биекенов К.У. Институционализация казахстанской социологии. Алматы: Казахский университет, Алматы, -2006.
5. Жаназарова З.Ж., Нурбекова Ж.А. Социальная безопасность. Учебное пособие. Алматы. Қазақ университеті. 2016
6. Превентология в молодежной среде (руководство для преподавателей) по совместной образовательной программе КазНУ и УРФУ: учебно-методическое пособие/ Отв.ред А.Р. Масалимова. – Алматы: Қазақ университеті, 2017.
7. Халенова А.Р., Джунусова А.Т., Айсултанова К.А., Ештаева Н.А., Профессионально-ориентированный иностранный язык по специальности «Социология» Учебно-методическое пособие. – Алматы: Қазақ университеті, 2017.

Қосымша әдебиеттер:

1. Бачинин В., Сандулов Ю. История западной социологии. -2002. -384с.
2. Жаназарова З.Ж. Семья в условиях трансформации общества. Монография. Алматы Қазақ университеті. 2017
3. Abdiraiymova G.S., Burkhanova D.K., Sociology of Youth. Textbook. Almaty. Kazak university. 2016
4. Жаназарова З.Ж. Нурбекова Ж.А. Женский бизнес: становление и тенденции развития. Монография. Алматы. "Қазақ университеті" 2013 г.
5. Абдирайымова Г.С., Алимбекова Г.Т., Веревкин А.В. Социальное самочувствие казахстанцев, социологическое измерение Монография.– Алматы: Қазақ университеті, 2017.
6. Ядов В.А. Методология и методика социологического исследования. М. 2002.
7. Садырова М.С. Әлеуметтану: өзекті мәселелер. Алматы, 2011, Алматы, Эверо 2011г.
8. Кастельс М. Информационная эпоха: экономика, общество и культура.-Пер.с англ.- М.2000.
9. Қалдыбаева Т.Ж. Социальный аудит социально-экономических и культурно-
10. образовательных программ с участием НПО.- ВКГТУ.-Усть-Каменогорск, 2009. Научное издание.
11. Қалдыбаева Т.Ж. Іскерліктің әлеуметтік мәдениеті.-Өскемен, 2010.
12. Учебник по социологии управления // Социология управления: Теоретико-прикладной толковый словарь / Отв. ред. А.В. Тихонов. - М.: КРАСАНД, 2016.
13. Учебное исследование по эмпирической социологии. Учебное пособие. 2-е издание дополненное и переработанное. М. Издательство МГИМО-Университет, 2015. - 252 с.
14. Социология в 2-х тт. Т.2. Новые и новейшие социологические теории через призму социологического воображения. Учебник для академического бакалавриата. Издание 2. М.: Юрайт, 2016. - 636 с.
15. Политическая социология 4-е изд., пер. и доп. Учебник для бакалавров. - М.: Издательство Юрайт, 2012. - 623 с.
16. Социология труда. Учебник для вузов. – М.: Центр социального прогнозирования и маркетинга, 2016, – 464 с.
17. ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: Жаһандық бәсекеге қабілеттілік» // Егемен Қазақстан. 31.01.2017.
18. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың мақаласы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» //Егемен Қазақстан 12.04.2017.